



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2021 жылғы 21 сәуірдегі
№ДС-154 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бүгінгі күні қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін 1,2 млн азаматтық қызметшілер бар.

Бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Үкіметтің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджет саласы қызметкерлерінің лауазымдары блоктық бөлу және қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне, атқаратын жұмысының салалық ерекшеліктеріне, білімі мен кәсіби біліктілігінің деңгейіне байланысты әр түрлі төлеу деңгейлерінің болуы принципінә сәйкес сараланған.

Функционалдық блоктар: басқару (А блогы), негізгі (В блогы), әкімшілік (С блогы), қосалқы (D блогы) персоналдардан қалыптастырылады.

Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру елдің экономикалық даму қарқынын ескере отырып, кезең-кезеңімен жүргізілуде.

2020 жылдан бастап А және В блогына жататын бюджет саласында жұмыс істейтін 600 мыңнан астам қызметкер жалақысы 15%-дан 60%-ға дейін көтеріледі (оның ішінде: 2020 жылы 34 мың мәдениет, архив және өнер қызметкерлеріне лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін республикалық деңгейдегі ұйымдарында 50%, жергілікті атқарушы орган ұйымдарында 35% мөлшерінде қосымша ақы белгіленді; 2020 жылдан бастап шамамен 600 мыңдай педагогтерге 4 жыл бойы кезең-кезеңімен жыл сайын 25%-ға; 2021 жылдан бастап 19 мың медицина қызметкерлеріне 3 жыл бойы кезең-кезеңімен 40%-дан 60%-ға дейін және 2021 жылдан бастап 21 мың әлеуметтік қорғау қызметкерлеріне 3 жыл ішінде 2 есеге арттырылады).

Бұған қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес медицина қызметкерлерінің еңбекақысы 2019 жылдан бастап кезең-кезеңімен арттырылып келеді және ол 2023 жылы экономикадағы орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары болып 560 мың теңгені құрайтын болады.

С және D блогына жататын азаматтық қызметшілер саны шамамен 600 мың, олар - санитарлар, жедел жәрдем жүргізушілері, жүргізушілер, музей, мектеп, кітапхана, архив қызметшілері және әкімшілік, қосалқы жұмысшы персоналдар.

Осы блоктардағы қызметкерлердің еңбекақысы соңғы рет 2019 жылы екі рет арттырылды.

2019 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тапсырмасына сәйкес ең төменгі жалақы мөлшерін 1,5 есеге 28 284 теңгеден 42 500 теңгеге арттыру жүргізілді.

2019 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының 2019 жылғы 27 ақпанда «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезінде берген тапсырмасына және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес 1 миллионнан астам азаматтық қызметшінің жалақысы 30%-ға дейін арттырылды.

Аталған қызметкерлердің еңбекақысы бюджет саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру шеңберінде және «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының 234-тармағына сәйкес бекітілген Ең төменгі жалақы мөлшерін арттыру мәселесін қарау жөніндегі жол картасы **аясында ағымдағы жылы қаралатын болады.**

Бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын арттыру жөніндегі мәселелер елдегі экономикалық жағдайды және бюджеттің кіріс бөлігін негізге ала отырып жүргізіледі.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Е. Тоғжанов